

Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның
есептеріне қатысты
ҚР Парламенті Сенатының
пленарлық отырысындағы
ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының баяндамасы
Астана қ., 2024 жылғы 13 маусым

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

2023 жылы жаһандық экономиканың баяулағанына қарамастан Қазақстан макроэкономикалық балансты жақсартта алды. Экономикалық қарқыны өсті, инфляцияны айтарлықтай төмендеттік.

Алдымен сыртқы экономикалық жағдайдан бастап, одан кейін өткен жылдың негізгі қорытындысына тоқталайын.

1. Өткен жылы әлемде макроэкономикалық жағдай геосаяси шиеленістерге, сауда мен инвестицияның әлсіз өсуіне байланысты белгісіздік әсерімен дамыды.

Әлемдік экономикалық өсім Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша 3,5%-тен **3,2%-ке** дейін баяулады.

Әлемдік сауданың өсуі әскери қақтығыстар мен геосаяси шиеленіс себебінен жаһандық саудадағы шектеулерге байланысты **0,3%-ке** дейін баяулады.

Жаһандық тікелей шетелдік инвестициялар **1,4 трлн долларға** дейін **3%-ке** аздап өсті.

Сонымен бірге өткен жылы **дүние жүзіндегі инфляция** 8,7%-тен **6,8%-ке** дейін төмендеді. Осы жылға **Халықаралық валюта қоры** жаһандық инфляцияны **5,8%** деңгейінде болжайды.

Инфляция көптеген елдерде баяулағанына қарамастан, орталық банктердің таргеттерінен жоғары болып, қатаң саясат жүргізуді қажет етіп отыр.

Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша, көптеген елдер **инфляция таргетіне 2025** жылдан ерте **қайта алмайды**.

2. Сыртқы экономикалық тұрақсыздыққа қарамастан, **Қазақстан 2023 жылы экономикалық өсуді 5,1%** деңгейінде қамтамасыз ете алды, бұл әлемдік өсімнен жоғары.

Өткен жылы **ішкі сұраныс** динамикасы тұрақты өсу қарқынын көрсетті. **Үй шаруашылықтарының соңғы тұтыну шығыстары 4,5%-ке** өсті. **Негізгі капиталдың жалпы қоры 20,7%-ке** артты.

Негізгі капиталға инвестициялар 13,7%-ке өсті. Экономиканың барлық секторында инвестициялар өскені байқалды.

Сонымен бірге тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың жоғары қарқыны өткен жылы **импорттың 17,9%-ке** дейін өсуін жеделдетті. **Экспорт** шикізат бағасының төмендеу салдарынан **6,7%-ке** төмендеді.

3. Инфляция және ақша-кредит саясаты туралы

Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясатын және Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларын ескере отырып, сыртқы бағаның тұрақтануы аясында **Қазақстанда инфляция 2023 жылғы ақпан айындағы 21,3% ең жоғарғы мәнінен 9,8%-ке дейін 2 есе төмендеді.**

Осы жылғы мамырда **инфляция 8,5%-ке** дейін баяулады. Оның ішінде **азық-түлік инфляциясы – 5,5%, азық-түлікке жатпайтын инфляция – 7,6%** болды. **Ақылы көрсетілетін қызмет инфляциясы 13,9%-ке** дейін жеделдеді. Ақылы көрсетілетін қызметтің неғұрлым жоғары үлесі тұрғын үй-коммуналдық қызмет бағасының жоғары өсуі әсерінен қалыптасып келеді.

Инфляциялық процестердің тұрақтануы бізге 2023 жылы **базалық мөлшерлемені 16,75%-тен 15,75%-ке** дейін **төмендетуге** мүмкіндік берді. Осы жылы біз мөлшерлемені **14,5%-ке** дейін төмендеттік.

Алайда, оған қарамастан инфляция әлі де **нысаналы деңгейден жоғары. Проинфляциялық тәуекелдер** сақталуда. Тәуекелдер арасында ішкі тұтынушылық және инфляциялық **сұраныс, инфляциялық күтулер, реттелетін бағалардың өсуі** мен **фискалдық шығыстар** ерекше назар аударуды қажет етеді.

Солардың кейбіріне тоқтала кетейін.

2023 жылы реттелетін коммуналдық қызметтер **20,2%-ке** қымбаттады. Тарифтердің инфляцияға қосқан үлесі **1,15 проценттік тармақ** болды.

Жалпы алғанда, **тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту** орынды және қажетті шара. Біз Ұлттық Банк ретінде оны қолдаймыз және тарифтердің көтерілуінен болатын **тікелей әсерге мөлшерлемені көтермейміз**, бірақ **жанама әсерлерді** мұқият бақылап отырамыз.

«Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы **ұзақмерзімді** перспективада экономикаға **оң әсерін** тигізеді деп күтеміз. Сонымен қатар жаңа тарифтік саясатты **ашықтық, есептілік және жариялылық** қағидатында іске асыруды қамтамасыз ету маңызды. Тарифтердің өсуі нәтижесінде жиналған ақша қорларын тиімді жаңартуға нысаналы түрде пайдаланылуы керек. Олай болмаған жағдайда болашақта тарифтерді тағы көтеру қажет болады. Бұл инфляцияға тиісінше әсерін тигізеді.

Маңызды **проинфляциялық факторлардың** бірі – **мемлекеттік қаржының** жай-күйі. Шығындардың және Ұлттық қордан бөлінетін трансферттердің жоғары көлемі ақша массасын ұлғайтып, инфляцияға әсер етеді.

Сонымен қатар, біздің пікірімізше, **«мұнайға жатпайтын тапшылық»** маңыздырақ көрсеткіш болып табылады. Былтыр ол **8,3%-ті** құрады.

Осыған байланысты Үкімет пен Парламенттің жаңа бюджет және салық кодексімен жұмыс істеуі аса маңызды. Таразыланған және контрциклдік фискалдық саясат экономикалық өсу және

төмен тұрақты, әрі тұрақты инфляцияға ұзақмерзімді негіз болады. Бұл тұрғыда әсіресе **мұнайға жатпайтын тапшылықты** таргеттеуді маңызды деп есептейміз.

Өз жағымыздан инфляция бойынша **5%-тік** ортамерзімді мақсатқа жету үшін **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын **жалғастырамыз**.

4. 2023 жылы Ұлттық Банк икемді бағам белгілеу режимін ұстанды. Валюталық интервенциялар жүргізілген жоқ. Жылдың қорытындысы бойынша долларланудың төмендеуіне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына бейрезиденттер салымының өсуіне, Ұлттық қордан валютаны сатуға байланысты теңге бағамы 1,7%-ке нығайды.

5. Келесі: монетарлық саясат аясында теңгедегі активтер бойынша тартымды пайыздық мөлшерлеме депозиттердің 34,7 трлн теңгеге дейін рекордтық өсуіне жетуге мүмкіндік берді. Депозиттер 3,7 трлн теңгеге немесе 12%-ке өсті.

Депозиттердің долларлануы ең төменгі деңгейге немесе 23,2%-ке дейін төмендеді.

6. Ұлттық қордың активтері 60 млрд долларға дейін өсті.

Былтыр **6,2 млрд доллар** мөлшерінде немесе жылдық **11,4%** рекордтық инвестициялық табыс таптық.

7. Алтын-валюта резервтері 1 млрд долларға жуық өсіп, 36 млрд долларды құрады.

8. Ұлттық Банктің басқаруындағы **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері 17,8 трлн** теңгеге дейін **3,2 трлн** теңгеге ұлғайды. Инвестициялық кіріс көлемі **1,6 трлн** теңгені құрап, бір жылда **76%-ке** немесе **690 млрд** теңгеге өсті.

Өткен жылы зейнетақы активтерінің **кірістілігі 10,1%** деңгейінде қалыптасты.

9. **Келесі:** кең ұғымдағы **экономиканы кредиттеу** өткен жылы **20,3%-ке 29,8 трлн** теңгеге дейін өсті.

Бизнеске кредиттер 14,1%-ке артып, **16,5 трлн** теңгеге жетті. Шағын кәсіпкерлерге берілген несие **26,2%-ке** өсті.

10. **Келесі:** Бүгінде Ұлттық Банктің жүйелері арқылы қолма-қолсыз төлемдердің шамамен 85%-і өңделеді. 2023 жылы жалпы сомасы **980,3 трлн** теңгеге операциялар жасалды, ал қолжетімділік коэффициенті **99,95%-тен** асты. Бұл үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Қаржы нарығын одан әрі цифрландыру аясында біз **Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын** жүйелі түрде құруды жалғастырдық. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы цифрлық қызмет көрсету және есеп айырысуды ұйымдастыру үшін **негіз** болады.

Инфрақұрылым жұмысының негізгі қағидаты – нарыққа қатысушылардың бәріне **теңдей қол жеткізуді** қамтамасыз ету, бұл олардың арасындағы **бәсекені** ынталандыруға мүмкіндік

береді. Бұл қызметтің **сапасы, құны және оған қол жеткізу жағынан** қарапайым тұтынушыларға тиімді болады.

Өткен жылы **пилоттық режимде** Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының жеке **компоненттері**, яғни **Цифрлық теңгені, Open API платформасын, Антифрод-орталықты** іске қостық.

Осы мүмкіндікті пайдалана отыра, **Антифрод-орталықтың** жұмысын заңнамалық тұрғыдан бекіту бойынша Ұлттық Банктің бастамаларын қолдағаны үшін депутаттық корпусқа алғыс білдіргім келеді. Қолдауларыңыз шілде айында орталықты толығымен іске қосуға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк **макроэкономикалық тұрақтылықты** қамтамасыз ету және **инфляцияны төмендету** үшін Үкіметпен бірлесіп белсенді жұмысты жалғастырады.

Инфляцияны таргетінде орнықты бекіту үшін монетарлық саясат шараларын экономиканы **әртараптандырумен, бюджеттің ұзақ мерзімді орнықтылығын арттырумен, қаржылық инфрақұрылымды** және қаржылық қызметтер нарығын дамытумен нығайту маңызды.

Біз осы бағыт бойынша **«Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясы»** және Ұлттық Банк, Үкімет пен Қаржылық реттеу агенттігі үштарапты **макроэкономикалық саясатты үйлестіру туралы келісім** аясында бірге жұмыс істеп жатырмыз.

Бірлескен шараларды табысты іске асыру тұрақты және төмен инфляция арқылы **экономика әлеуетінің** өсуін қолдайтын **теңгерімді макроэкономикалық саясат** жүргізуге мүмкіндік береді деп сенемін.

Назарларыңызға рақмет!